



«ЕРМЕК СЕРКЕБАЕВ ӨНЕР КОЛЛЕДЖІ – ӨНЕР ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МЕКТЕП - ИНТЕРНАТ» КЕШЕНІ» КММ

КГУ «КОМПЛЕКС «КОЛЛЕДЖ ИСКУССТВ – СПЕЦИАЛИЗИРОВАННАЯ ДИСЦИПЛИНА» -
ИНТЕРНАТ ДЛЯ ОДАРЕННЫХ В ИСКУССТВЕ ДЕТЕЙ ЕРМЕКА СЕРКЕБАЕВА»

Қарастырылған:
Рассмотрено:
на заседании ПЦК «Пение»

протокол №10
председатель ПЦК
Стадухина Ю.В. 
«28» августа 2024 года

Келісілген:
Согласовано:

заместитель директора
по профильной работе
Габидулина В.Ф. 

Бекітілген:
Утверждено:

решением МСО КГУ «Комплекс
«Колледж искусств – ШОД»
председатель Рыжик Г.Л.
«29»августа 2024 года



ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ РАБОЧАЯ УЧЕБНАЯ ПРОГРАММА

ДӘСТҮРЛІ ӘН

ТРАДИЦИОННОЕ ПЕНИЕ
(ПӘННІҢ АТАУЫ/НАИМЕНОВАНИЕ ДИСЦИПЛИНЫ)

Петропавл қаласы, 2024 жыл

Составитель: Айтбаев Ж.Х. – председатель ПЦК «Пение»

Рецензенты :

Габидуллина В.Ф. – преподаватель музыкальных дисциплин ПЦК «Пение»

Есжанов Б.С. - преподаватель музыкальных дисциплин ПЦК «Пение»

Утверждена методическим советом КГУ «Комплекс «Колледж искусств – специализированная школа –интернат для одаренных в искусстве детей имени Ермака Серкебаева»

Регистрационный номер №3

Дата регистрации 29.08.2024

5 – 68 сағ.

6 – 68 сағ.

7 - 68 сағ.

8 - 68 сағ.

9 - 68 сағ.

Барлығы: 340 сағ.

Түсінік хат

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде ән өнерінің алар орыны айрықша. Қазақтың ән өнері өзінің бастау тегін қадам заманнан тартатын байырғылығымен де, мейлінше көл-көсір молдығымен де тәнті етеді. Әсіресе, қоғам өмірінің барлық саласына араласып, барша құбылыстарға үн қосып отыратын демократиялық сипаты қазақ әндерінің философиялық-эстетикалық және тарихи-танымдық қадір-қасиетін даралап, мән-маңызын арттыра түседі.

Ұлы Абай ән өнерінің осындай болмысын жете аңғарғандықтан да:

Туғанда дүние есігін ашады өлең.
Өлеңмен жер койнына кірер денең, -

деп түйіндеген. Ал Г.Н.Потанин үшін бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінген.

Қазақ ән өнерінің әйгілі өкілдері - Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Естай, Жарылғапберді, Шашубай, Мұхит, Кенен, Майра және т.б. өнер иелері. Олар қалдырып кеткен асыл мұра ұрпақтан-ұрпаққа рухани мұра болып, жалғасын тауып келеді.

Халқымыздың көзінің қарашығындай сақтап келген ән мұрасын, бүгінгі таңда жоғарғы оқу орындарында оқытып, үйретуге мүмкіндік туып, қол жетіп отыр. Дәстүрлі ән айту пәнінің алға қойған мақсаты мен міндеті, ауыз әдебиетінің арқасында сақталып келген ән өнерін, кейінгі ұрпаққа өз мәнінде оқытып үйрету. Атап айтқанда: әннің әуезді әуендерін дұрыс үйренуіне, сөз мәтіндерінің төл туындыларының сақталуына, әнді ұлттық дәстүрлі нақышта орындалуына тигізер үлесі жоғары болмақ. Бұл аталмыш пән басқада пәндермен тығыз байланысты. Дәстүрлі ән айтатын болашақ дарынды әншілер үшін мынандай пәндер оқытылса нұр үстіне нұр болмақ.

Ән өнері - сан ғасырлық тарихы бар халық музыкасының терең бір арнасы. Жазу-сызуы кенжелеу елдің ұрпақтан-ұрпаққа ән-күйі ауыз әдебиеті арқылы тараған. Сондықтан да арнасы асып, толығысып отыратын ән халықтікі. Бүгінгі әңгіме арқауы халық әндері мен асыл қазынамызға мол мұра қалдырған сазгерлеріміз жөнінде сөз болмақ.

Рухани тыныстың кеңеюі мен эстетикалық сана-түсініктің қалыптасуына әннің әсер-ықпалы орасан зор болады. Халықтың бойындағы табиғаттың

тылсым сырларымен жұптасқан етенсілік қасиеті оның тұрмыс-тіршілікке, әдет-ғұрыпқа деген талғамын ғана өсіріп қойған жоқ, сондай-ақ рухани жан дүниесінің сұлулық пен мейірімге іңкәр қайнар көзін ашты.

Өнер туралы таным-түсінік оның өміршеңдігіне мойын ұсыну, кекірегіне жаратылыс сыйлаған дарын қабілетін жетілдіріп, сан салалы, мол арналы синкретті өнер туғызуына мүмкіндік берді. Соның ішінде шыққан күн, туған айдай дала жұртының тал бесіктен жер бесікке түскенге дейінгі жан серігі ән болды.

Әннің қоғамдық-әлеуметтік сипаты, тәрбиелік мәні елдің санасынан бір сәт тысқары қалмағаны аян. Кең далада желдей есіп, ауыздан-ауызға тарап, толассыз кезіп жүретін ән мен күй халық жан дүниесінің ең асыл мұраттарын дәріптеп, таратып отырады. Қайғы, мұднның өзіне зор гибрат жатуы сондықтан.

Ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән берген ата-баба сұлу ән, асыл сөздің кестесімен сәби жүрегін тербеп, ой-санасын игі адамгершілікке жетеледі. Сондықтан кең-байтақ ата жұртта буыннан-буынға жалғасып, ұят-аят, әдеп-көрген, мейірім-шарапат салтанат құрады. Ең кереметі сол, ән қанатында халық ойының тереңдігі, шексіз қиялы, кестелі, орамды шешен тілі берік сақталып, заманның алдын орап, кейінгіге тарады. Мұның езі от басынан Отан тұтастығына дейін тамырын үзбеген дәстүрге айналады. Шілдехана мен қаралы жоқтау әннің аралығында да ақын жанды сері халықтың ғұмыры осылай түзілген. Оның жан-сарайын, пайым-парасатын, сұлу сазды әндерін тыңдап айрықша бағалаған жандар көшпелілер өмірінің бұл ерекшелігін назардан тыс қалдырмаған.

Әр ғасырда қазақ жерін көктей шолып өткен француз, неміс, ағылшын, қытай, поляк, орыс саяхатшы-ғалымдарының даланың ән-күйі жайлы тамсанып, таңдай қаға жазған шыншыл сездерді осыны айғақтай түседі.

Қазақ әнінің жанрлық сипаттары өте кең. Тұрмыс-салт әндері, махаббат, жастық күй, табиғат лирикасы, туған жер, отаншылдық тақырыпты қамтитын ән өрісі тақырып ішінен сала-салаға бөлініп жатады.

Біз бұдан халық әнінің туу, өсу, қалыптасу тегінің тым әріде жатқанын байқаймыз. Ал сөз етіп жүрген бірер ғасырдың аясын шырқау шыңына шыққан ән сарасының түр-мазмұнын, гармониялық құрылым жүйесін зерттейтін алтын тегі деп қарауымыз керек секілді.

Жасырары жоқ, бүгінгі музыка мәдениетіміздің мерейін тасытып, гүлдендіріп тұрған сарқылмас кәусәр бұлақ, халықтың әң-күйі, солай бола тұрса да, совет дәуірінде фольклорлық ән өнері ғылым тұрғысынан талданып, жүйелі зерттелмей келеді.

Оның да белгілі бір саяси-әлеуметтік себептері болғанын бүгінгі жариялылық кезеңнің шындығы ашып беріп отыр. Шеңгелінен қан сорғалаған отызыншы, қыркыншы, елуінші жылдардың ызғарлы сұсы көптеген ұлттардың дәстүр-мәдениетіне, тарихына көлеңкесін түсірмей қалған жоқ. Қазақ халқының рухани жан-дүниесінде де сол жараның орны сайрап жатыр.

1933 жылы екі жүзден аса халық әні мен халық композиторларының әндерінің сөзі сотталды. Ауыз әдебиетіне тағылған айып, ән өнерімізді де уысынан шығарған жоқ. «Феодалдық дәуірді жартылайтын ескінің сарқыны» деп тұжырымдалды. Арнайы тапсырмамен «жаңа заманға лайықталынып» ән сөздері қайта жазылды. Бұл «саяси қырағылық» 1951 жылы ән мұрамызға бұғалықты екінші рет салғаны белгілі.

Сән-салтанат, байлық-мансап, атақ-абырой, діни атаулар ұстанған сөздер, «камауға» түсті. Үш мың жылдық тарихи деректі бозторғайдай шырылдап ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген, асыл әннің бір қанаты соқыр қатыгездікпен аяусыз қиылады.

Қатал уақыттың диірмені жаныштап, аштық пен түрмеден ақсүйек болған ел мәдени мұрасынан, әнінен айырылған соң, арқасы жауыр, мұрны тесік тайлақтай бәрінен безіп, жетекке жүре берді. Рухани тапшылыққа, тоқырауға ұшырады.

Төл сөз түрмеде кетті. Жаңа жасанды сөз жанға жарық түсірмеді. Көптеген әндер айтылмай ұмыт қалды. Тіпті қазақ даласын жаяу аралап, тірнектеп жүріп жинаған А.В.Затаевичтің 1500 әні шаң жұтып, архивте қалды. Қызығып қолына алған жан «заманның қырағылығынан» қорықты. Себебі ол әндер әлі «сұрыптаудан» өтпеген еді.

Кейінгі жылдарда ән сөздерінің бір-біріне ауысып, шатысып жүруі немесе сүреңсіз, мағынасыз текстердің телінуі, сайып келгенде, жоғарыда айтқан зауалдың кесірінен екені аян.

Әнді тонау - тарихты тонау. Ең бастысы - сол әндерді шығарушылардың тағдырына жасалған қиянат. Аты-жөні ұмытылып, өзі айтылып келген, өмірбаяны сызылып қалған ән - ата-анасын іздел шырылдап жүрген бала секілді күй кешті. Көпшілігі халық әні делінсе, енді біразы иесін таппай әлі де алаңдаулы.

Соның бірі Сегіз серінің әндері (Мұхамедқанапия Баһрамұлы 1818-1854). Сегіз сері аса сауатты, зиялы адам болған. Сол кездегі саяси-әлеуметтік ағымнан хабардар Мұхамедқанапия ақ патшаның туған халқына қарсы жүргізген отарлау саясатына дәнекер болудан бас тартқаны үшін қуғынға түскен. Тумысы бөлек, тұла бойы тұңған дарын иесінің құдіретті өнеріне бас иген халық, - оны бұдан былай «Сегіз сері» деп атандырып жібереді. Елінің, туған жерінің тәуелсіздігі үшін өлімге бас байлаған Сегіз сері күрес жолын бауыр жұртының рух күнін оятудан бастады. Ерлік пен ездіктің, махаббат пен ғадауаттың небір ғибрат үлгісін желілеген жыр, дастандар жазды. Ғашықтың отын жандырған, көңілді сергітіп, әрнеге жетелейтін мұңлы-сазды, сұлу-назды әндер шығарды. Әр шығармасына зерделей үңілсе, оның оқиға мазмұнынан шығарушының ғұмыр дерегіне қатысты көп жайға әркім-ақ қанығары сөзсіз.

Мерзімді баспасөзде әр кез жарияланып жүрген ғалымдардың, жазушылардың, музыка зерттеушілерінің Сегіз серінің ән-жырларына байланысты тарихи деректерден, архив материалдарынан сүзіп, сүйеніп жазған пікірлеріне мән беретін кез келген секілді.

Халық батыры, жалынды ақын Махамбеттің, мысқылдан түйін түйген шебер, от ауызды, орақ тілді шешен, әрі ақын Байсеркенің күйлерінің табылуы күй өнерімізді қалай биіктетсе, Сегіз серінің шашырап жүрген өз шығармаларына иелік етуі ән өнеріміздің көкжиегін де солай кеңейте түсері хақ. Жоғарыдағы айтылған пікірлерге жүгінсек, «Назқоңыр», «Ақбұлақ», «Жылой», «Ақерке», «Гауһартас», «Бозшұбар» (жинақтарда «Бозжорға» болып жүр), «Қызға сәлем», «Ғайни», «Әйкен-ай», «Көкем-ай», «Сәулем-ай», «Ал-қоңыр», «Еңлік-ай» (жинақтарда «Илигай» болып жүр), «Ақбакай» әндері Сегіз серіге байланысты айтылады.

Сондай-ақ, «Жиырма бес» әні Салғара Жанкісіұлының, «Қанатталды» әні Сейтжан сал Көрпешұлының, «Ой, көк», «Гүлдерайым», «Жеңеше-ай», «Жариям айдай», «Балқурай» әндері Нияз сері Бекдәулетұлының, «Қамажай» әні Мұстафа Сегіз серіұлының делініп әңгімеленеді.

Бұл өнер саңлақтары - тарихқа белгілі, даңқы ел ішіне кең тараған адамдар. Олар тек қана ән шығармаған. Сонымен бірге, небір тамаша жыр үлгілерін тұғызған саңлық ақындар болды.

Ел ішіндегі көнекөз қариялардың аузынан жиналып, архив қазынасына түскен сол жыр-дастандардағы өмірбаяндық деректерде осы әндердің туу себептеріне байланысты оқиғалар бар. Оның өзі шығарушылардың тағдырына сабақтастырылып айтылады. Бірақ бұл әлі ғылым тұрғысынан түбегейлі зерттеліп тұжырымдалған жоқ. Ол - М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жұмысы.

Партияның қайта құру саясаты, жариялылық күші арқасында халық тарихының 20-30 жылдарындағы ақтандақ беттерінің шындығы ашылды. Әділетсіз репрессияның құрбаны болған қазақ әдебиеті мен мәдениетінің жарық жұлдыздары Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов секілді көптеген даналарымыз қайта оралды.

Рухани болмысымыздың барлық саласында бірдей еңбек еткен аяулы жандар, ән-күйіміздің тегі туралы, оның болашақ дамуына байланысты баға жетіспес ойлар айтқаны белгілі, төл өнерді былай қойғанда, Батыс пен Шығыстың музыка тарихын білген, музыкалық аспаптарды еркін меңгерген ағалардың өздері де ән шығарған. Бұл халық болмысындағы өнердің синкретті қасиетін айрықша бағалап, оның ыдырал кетпеуін, ұрпақ санасына үзілмей жетуін армандаған ойшылдардың кейінгіге көрсеткен үлгі-өнегесі, саражолы еді.

Көзі көрген, қатар жүрген замандастасының айтуынша қарағанда, осы күнге дейін халық әні болып келген.

«Қызыл бидай» әні Жүсіпбек Аймауытовтікі, «Сен сұлу», «Сүй, жан сәулем», «Ақсұңқар құс», «Япыр-ай», «Дайди-дай» әндері Мағжан Жұмабаевтікі болып шығады. Бұл да ғалымдарымыздың жүйелі түрде зерттеп, анықтайтын жұмысы болса керек,

Шәкәрім Құдайбердіұлының толық әндер жинағы «Өнер» баспасынан 1989 жылы жарық көрді. Әзірше ақын-композитордың ел арасына кең тараған үш әнінің сөзі ұсынылып отыр.

Музыка зерттеушілерінің айтуына карағанда, халқымызда 5 мыңнан аса күй, 12 мыңға жуық ән бар екен. Оған әрбір әннің ондаған варианттары қосылмаса керек. Бұл хатқа, таспаға түскендері ғана. Ал ел арасында жүргені қаншама? Соңғы алты-жеті жылдың ішінде Қаратау, Балқаш, Көкшетау өңірлерінен жүздеген әндер ашылып алынды.

Бір ғажабы, соңғы қырық жылдың шамасында баспалардан жарық кәрген ән жинақтарын парактасак, халық композиторларының шығармаларын қоса есептегенде екі жүз елуге жетер-жетпес ән сездері енген екен. Теңізден қасықпен су алғандай, осы бір қолдан жасалған жұтандық жыл өткен сайын кеміп келеді. Бұл бәрімізді ойландыруға тиіс.

Біздіңше, ондердің көп томдық тұжырымдалған, академиялық жинағы шығатын мезгіл жетті. Бұл - музыкалық мұраны ғылым тұрғысынан саралап анықтауда кезек күттірмейтін бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Халық композиторларының өмірі мен өнерін, творчестволық ерекшелігін ашатын монографиялық еңбектерге, арнайы оқулықтарға, орта және жоғары музыкалық оқу орындары күні бүгінге дейін зәру екенін айту нарыз. Бүгінгі бетбұрыс заманында асыл мұраға іждағаттылықпен қарап, оны ұрпақтың рухани игілігіне айналдыру басты міндет те боп қойылып отыр.

Олай болса, ән-жырымыздың кем-кетігін толтыру, қадір-қасиетін көздің қарашығындай сақтау бәріміздің, баршамыздың қасиетті парызымыз.

Шаңырағымыздан ән үзілмесін !

Қысқаша әдістемелік нұсқаулар

Дәстүрлі домбырамен ән айту мамандығын дамыту, үйрету, оқыту мақсатында 1965 жылы Ж.Елебеков пен Ғ.Құрманғалиев сияқты өнер майталмандары, Алматы Республикалық цирк өнер студиясының ішінен арнайы ән мектептерін ашты.

1. Қосымша домбыра пәні. (домбыра тартысының шындалуына)
2. Постановка голос. (дауысты қалыптастыруға)
3. Актерлік шеберлік. (сахна тәртібін үйренуге)

Домбыра

4. Сольфеджио (әнді сауатты, дұрыс орындауына)
5. Теория музыка (әнді музыкалық талдау үшін және нотаға түсіруге)
6. Орындаушылық өнердің тарихы (әннің тарихын білуге).

Сондай-ақ ансамбль, оркестр және т/б пәндер келешек мамандарды дайындауда маңызы зор. Қорыта айтқанда дәстүрлі ән айту пәні Егеменді еліміздің рухани мұрасын дамытуға қосар үлесі мол.

Осындай ән мектептерінің ашылуы халқымыздың дарынды ұл-қыздарының дәріс алуына мол мүмкіндік берді.

Осы домбырамен ән айту мектептерін 1989 жылы Ж.Елебековтің шәкірттері Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген әртіс Ж.Кәрменов пен Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор

Қ.Байбосыновтың тікелей атсалысуымен мемлекеттік Қарманғазы атындағы консерваториясынан ашылды.

Сонда-ақ, Елбасының қолдауымен 1998 жылы ел ордасы Астана қаласынан көрнекті өнерпаз, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты А.Қ.Мұсақожаеваның басшылығымен Қазақ Ұлттық Музыка Академиясы ашылып, соның ішінен ән мектебі (домбырамен ән салу) бөлімі дүниеге келді.

Бүгінгі таңда Қазақстанның барлық облыстық аймақтарынан ән мектептері ашылуда. Ән мектептерінің музыкалық оқу орындарында ашылуы қазақ әнінің жүйелі түрде қалыптасуына, әннің дәстүрлі орындалуына, нотаға жазылуына, сөз мәтіндерінің сақталуына қосар үлесі өте жоғары.

Ұсынылып отырған бағдарлама дәстүрлі ән айту мамандығы бойынша оқитын оқушылар мен студенттерге арналады.

Халық әні мамандығы бойынша оқу бағдарламасының тақырыптық ЖОСПАРЫ

№	Бағдарлама атауы	Сынақ түрі	Шығарманың саны
5 сынып			
1	<ul style="list-style-type: none"> • Домбырамен ән айту класына қабылданған оқушыларға орындаушылық өнердің даму тарихы жайында түсінік беру. • Баланы орындыққа дұрыс отырғызып аспапқа қолдарын (саусақтарын) дұрыс қою, мүмкіндігінше айна алдына дайындалуын қадағалау; 	<p>Жыл бойында 1 жартыжылдық Емтихан</p> <p>Академиялық концерт</p>	<p>1 ән</p> <p>1 ән</p>
		Емтихан	2 ән
6 сынып			
1	<ul style="list-style-type: none"> • Оқушылардың қабілетіне байланысты орындалу жағынан күрделі, жоғары диапазондағы әндерді үйрету; 	Жыл бойында 1 жартыжылдық Академиялық концерт	1 ән

		Емтихан	2 ән
2	• Әнді үйрену барысында сөз мағынасына үлкен мән беріп, дұрыс жаттауды жолға қою;	2 жартыжылдық Академиялық концерт	1 ән
		Емтихан	2 ән
7 сынып			
1	• Дауыс бояуын сауатты пайдалану, жақты босатып ауызды ашу, иекті сәл төмен түсіру, және тынысты дұрыс алудың әдіс-тәсілдерін үйрету; • Ұлттық дауыс ырғақтарының сақталуын қадағалау;	Жыл бойында 1 жартыжылдық Академиялық концерт	1 ән
		Емтихан	2 ән
2	Оқу барысында үйретілетін әннің тарихын, композитордың өмір баянын, орындаушылар жайлы деректерге шолу жасау. • Домбыра сүйемелуіне ерекше көңіл қою;	2 жартыжылдық Академиялық концерт	2 ән
		Емтихан	2 ән
8 сынып			
	• Дауыс бояуын сауатты пайдалану, жақты босатып ауызды ашу, иекті сәл төмен түсіру, және тынысты дұрыс алудың әдіс-тәсілдерін үйрету; • Ұлттық дауыс ырғақтарының сақталуын қадағалау;	Жыл бойында 1 жартыжылдық Академиялық концерт	2 ән
		Емтихан	2 ән
	Оқу барысында үйретілетін әннің тарихын, композитордың өмір баянын, орындаушылар жайлы деректерге шолу жасау. • Домбыра сүйемелуіне ерекше көңіл қою;	2 жартыжылдық Академиялық концерт	2 ән
		Емтихан	3 ән
9 сынып			
1	•Қазақ теледидары мен радиосының алтын қорындағы	Жыл бойында 1 жартыжылдық	2 ән

	белгілі әншілердің орындауын -дағы ұнтаспаларды тыңдап, жұмыс жасауын жолға қою.	Мемлекеттік емтихан әндерін тыңдау	
		2 жартыжылдық Мемлекеттік емтихан әндерін тыңдау	3 ән
2	Мемлекеттік емтиханға бекітілген әндерді тыңдап , өз деңгейінде жеткізіп орындауға дайындау.	Мемлекеттік емтихан әндерін тыңдау	3 ән
		Мемлекеттік емтихан әндерін тыңдау	4 ән
		Мемлекеттік емтихан	4 ән

Пәннің мазмұны мен мақсаты

5-6 сынып оқушыларына арналған оқу жоспары

Баланы орындыққа дұрыс отырғызып, добрамны ұстап үйрету, ән салу кезінде домбыраға қолдарын дұрыс қою, кеудесін, басын дұрыс ұстауды үйрету. Осы талаптарды тиінақты орындау келешекте ән салу мәнерінде ырғағына үлкен әсер ететіндегі оқушыға түсіндіре білу. Арқа дәстүрінде домбырамен ән сүйемелдеуді үйрету. Оқушыға жеңіл орташа диапазондағы халық әндерін үйрету. Сондай-ақ Біржан, Ақан, Естай, Мәди репертуарларының жеңіл әндерін үйрету. Үйрену барысында әннің сөзіне үлкен мән беру, сөзін дұрыс жаттауға сонымен қатар домбырамен сүйемелдеп айту кезінде аса қадағалау керектігін ескерту.

Емтихан талаптары

I жартыжылдық қысқы емтихан

1. Халық әні
2. Халық композиторының әні
3. Қазақстан композиторының әні.

II жартыжылдық

Академиялық концерт

1. Халық композиторының әні
2. Халық әні
3. Халық әні немесе Қазақстан композиторының әні.

Жазғы емтихан

1. Халық әні
2. Халық композиторының әні
3. Қазақстан композиторының әні.

7 сынып оқушыларына арналған оқу жоспары

Жылдың басында өткен оқу жылында үйренген әндерді қайталап еске түсіру. Оқу жылының екінші жартысында оқушының домбыра тарту ән айту мәнерінің өсуіне байланысты бағдарламаны күрделірек болуы керек. Бағдарламаларға әр түрлі қағыстармен сүйемелдейтін шығармаларды енгізу. Мысалы: шертіп қағып, іліп, күреп ойнау. Әр композитордың өзіндік стилін ән айту кезінде сақтай білу. Ол үшін осы талаптардың орындалу негізінде үйренуге берілген әндерді күй табақтардан тыңдау.

Емтихан талаптары

I жартыжылдық қысқы емтихан

Академиялық концерт

1. Халық әні
2. Халық композиторының әні
3. Қазақстан композиторының әні.

Емтихан

1. Халық әні
2. Халық композиторының әні
3. Қазақстан композиторының әні.

II жартыжылдық

Академиялық концерт

1. Халық әні
2. Халық композиторының әні
3. Халық әні немесе Қазақстан композиторының әні.

Жазғы емтихан

1. Халық әні
2. Халық композиторының әні
3. Қазақстан композиторының әні.

8 сынып оқушыларына арналған оқу жоспары

Оқушыларға оқу мерзіміндегі бағдарламасы дауыс диапазоны жағынан, техникасы жағынан аса күрделірек болады.

Бұл кезде олардың бағдарламасы тек Арқа дәстүріндегі композиторларының әндерімен шектеп қоймай Жетісу, Батыс мектебінің Арқа дәстүріне жақын әндерді енгізуге болады. Жұмыс барысында осы мектептер жайлы түсінік беру. Халық композиторларымен Қазақстан композиторларының әндерін үйрену барысында олардың шығу тарихымен тереңірек танысу. Осы кезеңде оқушыларды сахналық орындаушылыққа үйрету жұмысы жүргізілуі тиіс, яғни орындау кезіндегі еркіндіке әр әннің өзіне тән болмысын бұзбай тыңдаушыға жеткізе білу. Жыл ішінде міндетті түрде өткізілетін академиялық концерттік емтиханға дайындық жүргізу.

Емтихан талаптары

I жартыжылдық қысқы емтихан

Академиялық концерт

1. Халық әні
2. Халық композиторының әні
3. Қазақстан композиторының әні

Емтихан

1. Халық әні
2. Халық композиторының әні
3. Қазақстан композиторының әні.

II жартыжылдық

Академиялық концерт

1. Халық әні
2. Халық композиторының әні
3. Халық әні немесе Қазақстан композиторының әні.

Жазғы емтихан

1. Халық әні
2. Халық композиторының әні
3. Қазақстан композиторының әні.

МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАН ТАЛАБЫ

9 сынып

Мемлекеттік емтиханның мақсаты мен міндеті мектеп бітірушілердің алған білімін айқындайтын емтиханның ең жоғары формасы болып табылады.

Бітіруші оқушылардың емтихан бағдарламасында халық әндері, халық композиторларының әндері және ұлттық нақыштағы қазіргі заман композиторларының әндері қамтылу керек.

Мемлекеттік емтиханға оқушылардың орындаушылық қабілетін ескере отырып, 4-5 шығарма таңдап алынады. Сонымен бірге алғашқы оқу жылдарында үйренген әндерді мемлекеттік емтиханда айтуға болады. Бөлім шешімімен бағдарламаны өзгертуге болады. Бағдарламаны бөлім бекіткен соң, онда белгілінген әндер емтиханға дейін бірнеше рет тыңдалады және қаңтар айында өтпелі емтихан өткізіледі. Оқушы мемлекеттік емтиханда айтатын әндерді сахнада шындауы керек. Сонымен қатар сахналық орындаушылық қабілетін, әнді орындау кезіндегі актерлік шеберлігін дамытуы жөн.

Жалпы бағдарламада көрсетілген шығармалардан мемлекеттік емтиханда айтылатын әндер сұрыпталып алынады.

Мемлекеттік емтихан бағдарлама үлгісі:

1. Сімет	Халық әні
2. Айтбай	Біржан сал
3. Мақпал	Ақан сері
4. Көгершін	Жаяу Мұса
5. Дәурен-ай	А.Сейдімбек

Оқушылардың білімдерін бақылау және үлгерім есебі

Оқушының мамандықты меңгеруін цикл комиссиясы академиялық концерттерде бірінші және екінші жартылдықтағы емтихандарда бақылап қорытынды баға қояды. Оқушыларды бағалағанда оның жеке дара ерекшеліктерін ескергені жөн. Техникалық мүмкіншілігі төмен, бірақ өз ісіне жауапкершілікпен қарап, көп еңбектенетін оқушыға еңбегін ескеріп бағаны сәл көтермелеп қоюдың тәрбиелік мәні зор. Әр оқушының өз мүмкіншілігін жеке дара бағалаған жөн. Оқушының өз мүмкіншілігін іс жүзіне асыруға және жауапкершілікке тәрбиелеу.

Терең жан-жақты ойластырылып құрылған репертуар күнделікті өткізетін дәріс жоспары, оқу тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастыруға бағытталған негізгі факторлар болып есептеледі.

Оқушыға жеке жоспарын құрғанда оның өзіне тән бойындағы ерекше қасиеттері, әнге деген табиғи дарындылығы, өмірге көз қарасы, ой өрісі мен

мінез құлқын ескерген жөн. Оқушының репертуарына формасы, стилі, мазмұны, фактурасы жанр жағынан әр түрлі көркем шығармалар кіреді. Ұстаз әр оқушыға жылдың басында мөлшермен бір жылдық тапсырма береді, бірақ оқу процесі кезінде әр түрлі есептерге байланысты жоспардағы бір шығарманы басқа шығармамен ауыстыруға болады. Оқушы өзінің оқу жоспарымен танысып тұруы керек, бұл оны өз міндетіне жауапкершілікпен қарауға жүктейді. Оқушыны ынталандыру үшін әр дайым репертуарын жанартып отыру қажет. Әр жылда өтетін академиялық концерттерде, қысқы және жазғы емтихандарда орындалатын әндермен бірге арнайы концерттік бағдарламалар беріп отырған жөн.

Репертуарлық тізім

5 - 6 сынып

1. Қ.Аманжолов «Өзім туралы»
2. Халық әні «Біркеліншек»
3. Халық әні «Кәмилә»
4. М.Жұмабаев «Ақ сұңқар құс»
5. Мәди «Үш қара»
6. Халық әні «Бұл бұлым»
7. Естай «Қоштасу»
8. С.Сейфуллин «Тау ішінде»
9. Сегіз сері «Әйкен-ай»
10. Ақаы сері «Балқадияша»
11. Халық әні «Шилі өзен»
12. Халық әні «Ахау семей»
13. Ақан сері «Ләйлім»
14. Абай «Өлсем орным қара жер сыз болмайма»
15. Ә.Есбаев «Жар назы»

7 сынып

1. К.Салықов «Аққу жеткен»
2. Қ.Байғабыұлы «Дүние»
3. Қ.Байғабыұлы «Меркі»
4. Майра «Бақша»
5. Сегіз сері «Сәулем-ай»
6. Абай «Татьянаның әні»
7. Халық әні «Жарғатай»
8. Иманжүсіптің әні
9. Ақан сері «Тарыны таң асырып мінген қандай»
10. Ш.Қалдаяқов «Сен сұлу»
11. Ақан сері «Ақтоқтының ау жары»
12. Абай «Ата-анаға көз қуаныш»
13. Ақан сері «Маңмаңгер»
14. Нияз сері «Ой көк»
15. Кенен «Қайран жастық»

16. Абай «Қараңғы түнде тау қалғып»
17. І.Жақанов «Сырымбет»
18. Естай «Бірмысқал»
19. Ақан сері «Майда қоңыр»
20. Ә.Есбаев «Өзгеге көңлім тоярсың»

8 сынып

1. Кенен «Бұлбұлға»
2. Халық әні «Екі жирен»
3. Ә.Есбаев «Туған ел»
4. Жаяу Мұса «Сұрша қыз»
5. Естай «Сандуғаш»
6. Балуан Шолақ «Жастық»
7. Үкілі Ыбырай «Гәккү»
8. Мұхамеджанның әні
9. Ақан сері «Шырмауық»
10. Естай «Жайқоңыр»
11. К.Салықов «Жылжиды аққу»
12. Біржан сал «Жанып алды»
13. Мәди «Шіркін-ай»
14. Халық әні «Баян ауыл»
15. Халық әні «Қарағаш»
16. Халық әні «Қарға»
17. Абай «Көзімнің карасы»
18. Ақан сері «Нәзік гүл»
19. Сегіз сері «Ғайни»
20. Біржан сал «Айбазым»
21. Иманжүсіп «Сарымайын»
22. Біржан сал «Темір тас»
23. Жаяу Мұса «Ақшашақ»
24. Мәди «Қаракесек»
25. Халық әні «Сары бидай»
26. Кәрімбаев «Тракторшы қарындас»

9 сынып

- | | |
|----------------|--------------|
| 1. Ақан сері | « Көкжендет» |
| 2.Шашубай | « Ақ қайың » |
| 3. Біржан сал | « Сырғақты» |
| 4.Балуан шолақ | « Ғалия» |
| 5.Біржан сал | «Мақпал» |
| 6.Ақан сері | « Мақпал» |
| 7.Ақан сері | « Құлагер» |

8. Халық әні	« Сімет»
9. Біржан сал	« Айтбай»
10. Естай	«Жанбота
12. Иманжүсіп	«Сарымойын»
13. Біржан сал	«Теміртас»
14. Жаяу Мұса	«Ақшашак»
15. Мәди	«Қаракесек»
16. Халық әні	«Сары бидай»
17. Кәрімбаев	«Тракторшы қарындас»

Бағдарлама үлгісінде көрсетілген әндерді айту шарт емес. Оқушылар талабына сай бағдарламада көрсетілген әндер тізімінен алуға болады.

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Әуезов М. Абай жолы. Алматы, 1956в
2. Жүнісов С. Ақан сері. Алматы,-1972
3. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. Алматы, 1975
4. Қазақтың 2000 әні (құрастырған Т.Бекхожина) Алматы. 1972
5. Қазақ халқының ғашықтық әндері (даярлаған Б.Ерзакович) Алматы, 1994
6. Төлебаев М. Мақпал. Алматы, 1979
7. Сейдімбек А. Күй шежіре I том. Алматы, 1997
8. Сейдімбек А. Күй шежіре II том. Алматы, 1997
9. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Алматы, 1997
10. Қазақ әндері антологиясы (құрастырған Ж.Корменов) Алматы, 1991
11. Жаяу Мұса. (құрастырған Қ. Жүзбасов) Алматы, 1992
12. Жақанов І. Аккулар қонған айдын көл. Алматы, 1991
13. Жақанов І. Ғашықтық әндер, Алматы, 1992
14. Мұқанов С. Балуан Шолақ. Алматы, 1962
15. Маңмаңгер (құрастырған Қ.Жүзбасов) Алматы, 1992
16. Қорлан (құрастырған Қ.Жүзбасов) Алматы, 1994
17. Инжу-Маржан (құрастырған Қ.Жүзбасов) Алматы, 1992
18. Гәкку (құрастырған Б.Ерзакович) Алматы, 1969
19. Ән асқары - Әміре (құрастырған Ж.Шәкәрімов) Алматы 1988
20. Елебекова Х. Ән — аманат. Алматы, 1989
21. Жолдасбеков М. Тоқсан толғау. Алматы, 1992
23. Бес ғасыр жырлайды (құрастырғандар М. Мағауин, М.Байділдаев) Алматы, 1989
34. Ләйлім шырақ (құрастырған Қ.Жүзбасов) Алматы,1992
35. Жәнібек (құрастырған Т.Жұртпаев) Алматы, 2000
36. 1000 песни (составитель А.Затаевич) Москва, 1963
37. Қазақстан композиторларының әндері (құрастырған Ә.Нұрбаев) Алматы, 1990
38. Кәрменов Ж. Махаббат әні. Алматы, 1986
39. Кәрменов Ж. Ақылбайдың әні. Алматы, 1980
40. Қуанамын (құрастырған Г.Ержанова) Алматы, 1984
41. Рахимов Т. Сәби болғым келеді. Алматы, 1994
42. Жаяу Мұса (құрастырған Н.Найменин) Алматы, 1959